

Қарағанды қаласының медицина колледжі

# Денсаулық және ауру туралы түсінік. Аурудың кезеңдері.

Пән: Жалпы патология

Мамандығы: “**Медбикелік іс**”

Оқытушы: Байболина Р:А.

# Жоспар

1. Денсаулық туралы түсінік
2. Ауру туралы жалпы түсінік
3. Нозология
4. Аурудың өзіне тән ерекшеліктері
5. Аурудың топтарға жіктелуі
6. Ауру кезеңдері



**Денсаулық** – адам организмінің қалыпты жағдайы. Адамның денсаулығын биологиялық (іштен туа біткен және жүре пайда болған сырқат белгілеріне қарап) және әлеуметтік факторларды ескере отырып, кешенді түрде анықтайды.



Денсаулықты жеке адамның денсаулығы және жалпы халықтың денсаулығы деп бөлінеді. Жеке адамның денсаулығын, яғни оның организмнің клиникалық, физиологиялық және биохимиялық көрсеткіштерінің жиынтығын адамның жасына, жынысына, сондай – ақ климаттық және географиялық жағдайына байланыстыра отырып анықтайды.



Жалпы халықтың денсаулығының қалыпты болуы – жеке адамдардың ай сайынғы алатын еңбек ақысына, жұмыс уақытының ұзақтығына, еңбек және тұрмыс жағдайларына, дұрыс тамақтануына, денсаулық сақтау ісінің даму барысына, елдің жалпы санитарлық жағдайына тікелей байланысты.



# Ауру туралы жалпы түсінік

**Ауру** - ағзаның тіршілік етіп, өсіп-өну қабілетінің бұзылуы. Ауру туралы ұғымда әр түрлі көз қарастар болып келген.



Ертедегі Рим дәрігері, *Гипократ* ауру дегенді 4 түрлі сұйық заттың өзара алмасып, өзгеруінен пайда болады деп есептеген.



Ауру туралы материалитсік көзқарас негізі *Әбу Әли ибн Сннаның* еңбегінде басталады. Ол аурудың сыртқы орта жағдайына байланысты болатынын және әр науқастың өзіне ерекше ем қолдану қажет екенін айтқан.

Адамның ауруға шалдығуына көбінесе сыртқы орта факторлары себепкер болады. Науқас адамның еңбек қабілеті нашарлап, ішкі-сыртқы құбылыс әсерлеріне бейімділігі төмендейді. Дененің бір жерінен басталған ауру зардабы бірте-бірте барлық ағзаға таралады. Кейде ауры денені тез шарпып әкетеді де, оның қай жерде басталғаны белгісіз болады.



# Нозология

Ауруларды жан–жақты талдайтын, олардың әрқайсысына жеке-жеке сипаттама беретін ғылым саласын *нозология* ( nosos – ауру ; logos – ілім ) деп атайды.

*Нозология*–бұл творчестволық абстракцияның өнімі, медицина дамуының көрсеткіші болып есептеледі (И.В. Довыдовский).

Нозология принципі ауруды жеке –жеке топтарға бөлуге, олардың патогенезін, клиникасын, морфологиясын үйренуге, емдеу жолдарын табуға мүмкіншілік тудырады.



**Аурудың өзіне тән  
ерекшеліктері**

**Аурудың  
себептері  
(этиологиясы)**

**Даму  
механизмдері  
(патогенезі)**

**Морфологиясы**

**Клиникасы**



Аурудың да, оны тудырғыш факторлардың да алуан түрлі болуына қарамастан, аурудың кезеңі төртке бөлінеді:

- Аурудың жасырын кезеңі
- Аурудың басталу кезеңі
- Аурудың негізгі белгілерінің даму кезеңі
- Аурудың жазылу кезеңі





# Ауру кезеңдері

1. Аурудың жасырын (ланетті) кезеңі ауру қоздырушы ағзаға әсерімен аурулардың алғашқы белгілерінің п.б. дейінгі аралықты қамтиды. Бұл кезеңнің ұзақтығы әртүрлі.
2. Басталу (продромальды) кезеңі ауру белгілерінің п.б. Ауруға тән алғашқы белгілердің дамуына дейінгі уақыт.
3. Аурудың негізгі белгілерінің даму кезеңі тек осы ауру үшін тән клиникалық белгілерінің толық дамуымен сипатталады.
4. Аурудың жазылу кезеңі (нәтижесі). Бұл кезеңде ауырған адам толық сауығып кетеді немесе ауру созылмалы түр алады. Кейде әртүрлі асқынулар нәтижесінде ауырған кісі өледі.



Назарларыңызға  
рахмет!!!